

## **Баянауыл ауданының кейбір ауылдық округтері аумағында табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы**

Павлодар облысы Баянауыл аудандық әкімінің 2019 жылғы 3 мамырдағы № 16 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 3 мамырда № 6333 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" № 756 қаулысына, Баянауыл ауданының төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия отырысының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 2 хаттамасына сәйкес, Баянауыл ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Баянауыл ауданының Сәтбаев, Жаңажол, Ұзынбұлақ, Бірлік, Қызылтау, Күркелі, Жаңатлек, Қаратомар ауылдық округтері аумағында табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайды жою басшысы болып Баянауыл ауданы әкімінің орынбасары С. Ж. Джумашев тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*О. Каиргельдинов*